**2020 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 6 наурыздағы № 44 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 наурызда № 4527 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37-баптарына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9, 27-баптарына сәйкес Мойынқұм ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мойынқұм ауданы бойынша ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдар үшін 2020 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына қызметкерлердің жалпы санынан квоталар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Мойынқұм ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2020 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталауды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

3. "Мойынқұм ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамаларда белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Наметкулов Амангелды Наметкуловичке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *М. Мусаев*

Мойынқұм ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 6 наурыздағы
№ 44 қаулысына қосымша

# 2020 жылға ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

| № | Ұйымның атауы | Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны ( адам) | Белгіленген квота мөлшері | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін | | Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін | | Ата-анасынан кәм толғанға дейін немесе ата-ан қамқорлығынсыз і беру ұйымдарын болып табылат қатарындағы азама | |
| | | | Жұмыскерлердің тізімдік санынан % | Жұмыс орындарының саны (бірлік) | Жұмыскерлердің тізімдік санынан % | Жұмыс орындарының саны (бірлік) | Жұмыскерлердің тізімдік санынан % | Ж с с |
| 1 | Мойынқұм ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 60 | 2% | 1 | - | - | - | - |
| 2 | "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Мойынқұм ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі" | 60 | 2% | 1 | - | - | | - |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | коммуналдық мемлекеттік мекемесі | | | | | | - | |
| 3 | "Жамбыл облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының Көктерек ормандарды және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі | 60 | - | - | 2% | 1 | - | - |
| 4 | "Мойынқұм аудан әкімдігінің ветеринариялық қызметі" шаруашылық құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны | 68 | - | - | 2% | 1 | - | - |
| | Барлығы | 248 | - | 2 | - | 2 | - | - |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК